

«Үздік тәрбие жұмысы» байқауы бойынша қорытынды ақпарат

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК мектептердегі тәрбие жұмысының сапасын арттыру, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кәсіби, шығармашылық деңгейін көтеру мақсатында 2024 жылғы 18 қазан – 22 қараша аралығында «Үздік тәрбие жұмысы» байқауын ұйымдастырып өткізді.

Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар жұмыс тәжірибесі туралы портфолиосын, www.youtube.com арнасында орналастырылған үздік тәрбие іс-шарасының бейнематериалын ұсынды. Ұсынылған жұмыстар келесі өлшемшарттар бойынша бағаланды:

- кәсіби біліктілік және тәжірибе;
- тәрбие жұмысындағы инновациялар;
- оқушылармен және ата-аналармен жұмыс;
- құндылықтар мен патриоттық тәрбие беру;
- жұмыс нәтижелері мен жетістіктері;
- әлеуметтік серіктестік және қауымдастықпен жұмыс.

Байқауға жалпы 7 жұмыс түсіп, оның ішінен 6 қатысушы 2 кезеңге қатысу үшін жіберілді.

Екінші кезеңге өткен үміткерлер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жобаларға негізделген әлеуметтік немесе инновациялық жобасын әзірлеп, қорғады.

Жоба келесі өлшемшарттар бойынша бағаланды:

Әлеуметтік жоба:

- жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңызы;
- мақсаттар мен міндеттердің нақтылығы;
- инновациялық және бірегейлік;
- жүзеге асыру мүмкіндігі;
- әлеуметтік әсері мен масштабталуы;
- тұрақтылық және ұзақ мерзімділігі;
- серіктестік пен ынтымақтастық;
- жүзеге асыру жоспарының сапасы;
- нәтижелерді бағалау механизмі;
- қоғамды тарту деңгейі.

Инновациялық жоба:

- жобаның жаңашылдығы мен бірегейлігі;
- мәселенің өзектілігі мен қажеттілігін негіздеу;
- мақсаттардың нақтылығы және қол жеткізу мүмкіндігі;
- тәуекелдерді басқару;
- тиімділікті және нәтижелілікті бағалау;
- тұрақтылық және ұзақ мерзімділік;
- технологиялық және ғылыми негіздеме;
- қаржыландыру және ресурстарды қолдану;
- пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бағытталу;

- экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап, Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдар тағайындады. Орын алмаған қатысушыларға сертификаттар тағайындалды.

Жеңімпаздардың тізімі:

1. Тулбакан Еркін, Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Гран-при номинациясы;
2. Оналбаева Гулнар Беркаевна, Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 1-орын;
3. Ускенбаева Гулжан Алтынбековна, М. Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 2-орын;
4. Дауталиева Айкерим Агзамовна, Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаты, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 2-орын;
5. Киянатов Алиби Талгатович, Д.Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицейі, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 3-орын;
6. Зейнел Гулия, №29 орта мектеп, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 3-орын.

Handwritten signature in blue ink.